

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 38 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 14 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3440. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің 2008 жылғы 21 мамырдағы N 289 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің 2008.05.21 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Рецептілерді жазып беруді және рецептiмен берiлуi тиiс дәрілік заттарды беруді реттеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі Ереже бекітілсін.

2. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары басшылары (келісім бойынша) мен республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары осы Ережені басшылыққа алсын және орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Фармация комитеті (Пак Л.Ю.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді және 2005 жылғы 15 наурыздан қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і н

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі

Ереже

1. Рецептiлердi денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерi өз құзыретi шегiнде осы Ереженiң 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша бланкiлермен тиiстi медициналық айғақтар болған кезде бередi.

Рецептiлер рецептiнi жазып беретiн медицина қызметкерiнiң қолымен және мөрiмен бекiтедi.

2. Дәрілік заттармен тегін немесе жеңілдікпен қамтамасыз етілуге құқығы бар науқастардың жекелеген санаттары үшін дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға рецептiлер осы Ереженiң 2 қосымшасына сәйкес бланкiлерге жазып берiледi.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға арналған рецептiлерге денсаулық сақтау ұйымының басшысы қосымша қол қояды және мөрiмен бекiтедi. Фельдшерлік-акушерлік пункттiң меңгерушiсi дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда алуға рецептiге қол қояды және фельдшерлік-акушерлік пункттiң мөрiмен бекiтедi.

3. Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецептiлер жазып беруге жол берiлмейдi.

4. Рецептiлер науқастың жасы және дәрілік заттың құрамына кірген ингредиенттер әрекетiнiң сипаты ескерiле отырып жазып берiледi.

5. Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікпен алуға арналған рецептiнiң мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында көрсетiледi. Рецептiлердiң бланкiлерi осы Ереженiң 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша рецепт бланкiлерiн есепке алатын арнайы кiтапта тіркеледi.

6. Рецептiлер бланкiлердегi көрсетiлген барлық бағандар мiндеттi түрде толтырыла отырып, анық жазумен жазып берiледi.

7. Рецептiде осы Ереженiң 4 қосымшасына сәйкес қысқартуларға жол берiледi.

8. Дәрілік затты қолдану тәсілі қабылдау мөлшері, жиілігі мен ұзақтығы көрсетiле отырып, мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылады. Жалпы нұсқаулармен ("Белгiлi", "Iшке", "Cыртқа") шектеуге болмайды.

9. Бір рецепт бланкiсiне бiр дәрілік зат жазылып берiледi.

10. Дәрілік затты жоғары бiр реттiктен артық мөлшерде жазып берген кезде дәрігер рецептiге дәрілік заттың мөлшерiн жазумен және леп белгiсiмен

белгілейді. Дәрігер осы талапты сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазып берілген дәрілік затты белгіленген жоғары бір реттік мөлшердің жартысын береді.

11. Рецептiлер стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында айрықша қолданылатын дәрілік затқа (ингаляциялық және ингаляциялық емес наркозға арналған заттар және басқалары) жазылып берілмейді.

12. Рецептiлер жеті күннің ішінде жарамды.

13. Тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін науқастарға дәрілік заттарды (дәріханалардан тегін немесе жеңілдікті жағдайларда берілетін дәрілік заттарды қоспағанда) жазып беру кезінде рецептiлердің жарамдылық мерзімі 1 айға дейін белгіленеді. Мұндай жағдайда рецептiлерде дәрігердің қолымен және денсаулық" сақтау ұйымының мөрімен бекітілген "Арнайы тағайындалған" деген жазу болуы тиіс.

14. Жоғарыда санамаланған талаптарға сай келмейтін және/немесе үйлеспейтін компоненттерден жасалған дәрілік зат жазылған рецепт жарамсыз болып есептеледі.

15. Жарамсыз рецептiлер "Рецепт жарамсыз" деген мөртаңбамен күші жойылады, осы Ереженің 5 қосымшасына сәйкес дұрыс жазылып берілмеген рецептiлерді есепке алатын арнайы журналға тіркеледі.

Бұл орайда фармацевтика қызметкері науқасқа үйлеспейтін компоненттерден жасалған дәрілік заттарды қоспағанда, жазылып берілген дәрілік затты береді де, дұрыс жазылып берілмеген рецептiлер туралы ақпаратты денсаулық сақтау ұйымының басшысына береді.

16. Тегін немесе жеңілдікті жағдайлардағы рецептiлер бойынша дәрілік заттарды беруді денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен келісім-шарты бар дәріхана ұйымдары жүзеге асырады.

17. Дәрілік затты рецептiде көрсетілген санымен беру қажет болған кезде дәріхана орамына дәріхана ұйымының атауын, дәріні, санын, мөлшерін, сериясын және жарамдылық мерзімін міндетті түрде көрсете отырып, түпнұсқа орамды бұзуға болады.

18. Әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (аудан, қала, облыс) жарамды тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттарға арналған рецептiлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттарға жазылып берілген рецептiлер республиканың бүкіл аумағында жарамды.

19. Дәрілік заттарға арналған рецептiлерді сақтау мерзімі:

- 1) тегін және жеңілдікті жағдайларда босатылғандар - 3 жыл;
- 2) басқалары - 3 ай.

20. Сақтау мерзімі асып кетісімен рецептiлер жойылуы тиіс.

21. Рецептiлердi жою үшiн құрамында дәріхана ұйымының басшысы мен материалдық жауапты адамы бар комиссия құрылады.

Комиссия жою туралы акт жасайды, онда жойылған рецептiлердiң саны жазумен көрсетiледi.

Құрамында есiрткi құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік
заттарды қоспағанда, дәрілік
заттарға рецепт жазып беру
және дәрігердiң рецептiсi
бойынша беру жөнiндегi

Ережеге 1 қосымша

А 8 форматы

Рецепт бланкісінің нысаны
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ АТАУЫ
РЕЦЕПТ

БАЛАҒА АРНАЛҒАН

ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН

(астын сызу керек)

20 __ жылғы " __ " _____

(рецептінің жазылған күні)

Науқастың Т.А.Ә., жасы _____

Дәрігердің Т.А.Ә., _____

R p :

D . S .

Дәрігердің қолы мен жеке мөрі _____ м.о.

Ж а д ы н а м а

Денсаулық сақтау ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады
немесе мөртабан қойылады.

Рецепт анық, айқын жазылады, түзетуге тыйым салынады.

Б і р б л а н к і г е :

заттық-сандық есепке алуға жататын бір дәрілік затты;
тегін немесе жеңілдікті жағдайлармен босатылатын бір дәрілік
затты жазып беруге рұқсат етіледі.

Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат е т і л е д і .

Қатты, сусымалы заттар грамдарда, сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдар мен тамшыларда жазылады.

Қолдану тәсілі - мемлекеттік немесе орыс тілдерінде.

"Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге тыйым салынады.

Рецептіні толтырған кезде (ересектерге арналған, балаға арналған) не тегін немесе жеңілдікті жағдайларда - қажеттісінің а с т ы н с ы з у к е р е к .

Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі

Ережеге 2 қосымша

А8 нысаны

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті жағдайларда босатуға арналған рецепт бланкісінің нысаны

Денсаулық сақтау ұйымының атауы	Медициналық құжаттама	Денсаулық сақтау ұйымының атауы	Медициналық құжаттама
ТҮЫРТЕК (денсаулық сақтау ұйымында қалдырылады, одан кейін бухгалтерияға өткізіледі) 20 __ жыл N ____ 20 __ жылғы " __ " _____ Рецептінің жазып берілген күні Науқастың Т.А.Ә., жасы _____ _____ _____ Диагноз _____ _____ Науқастың медициналық құжаттамасының N _____ Үйінің мекен-жайы _____ _____ Rp: _____ _____ Д.С. _____ _____	ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ РЕЦЕПТ (астын сызу керек) 20 __ жыл N ____ БАЛАҒА ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН АРНАЛҒАН (астын сызу керек) 20 __ жылғы " __ " _____ Рецептінің жазып берілген күні Дәрігердің Т.А.Ә. _____ _____ Науқастың Т.А.Ә., жасы _____ _____ Науқастың медициналық құжаттамасының N _____ Диагноз _____ _____ Үйінің мекен-жайы _____ _____ Rp: _____ _____		

Дәрігердің _____ қолы мен жеке мөрі _____ м.о.	Д.С. _____ Дәрігердің _____ қолы мен жеке мөрі _____ м.о.
---	---

Жадынама

Денсаулық сақтау ұйымының шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.

Рецепт анық, айқын жазылады, түзетуге тыйым салынады.

Б і р б л а н к і г е :

заттық-сандық есепке алуға жататын бір дәрілік затты; тегін немесе жеңілдікті жағдайлармен босатылатын бір дәрілік затты жазып беруге рұқсат етіледі.

Ережеде қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат е т і л е д і .

Қатты, сусымалы заттар грамдарда, сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдар мен тамшыларда жазылады.

Қолдану тәсілі - мемлекеттік немесе орыс тілдерінде.

"Ішке", "Сыртқа", "Белгілі" деген және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге жол берілмейді.

Рецептіні толтырған кезде (ересектерге арналған, балаға арналған) не тегін немесе жеңілдікті жағдайларда - қажеттісінің а с т ы н с ы з у к е р е к .

Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі

Ережеге 3 қосымша

Денсаулық сақтау ұйымының атауы

Дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен беруге арналған рецепт бланкілерін есепке алу кітабы

р / с N	Күні	Рецептінің сериясы, N	Рецепт бланкісін алған медицина қызметкерінің Т.А.Ә., қолы

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды қоспағанда, дәрілік заттарға рецепт жазып беру және дәрігердің рецептісі бойынша беру жөніндегі

Ережеге 4 қосымша

Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармасы
aa	ana	теңдей
as. Asid.	Acidum	қышқыл
amp.	Ampulla	ампула
aq.	Aqua	су
aq. Purif.	Aqua purificata	тазартылған су
aq. destill.	Aqua destillata	дистилляцияланған су
but.	Butyrum	май (қатты)
comp., cps.	Compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер., белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай мөлшерлерді бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	қайнатпа
dil.	dilitus	ерітілген
div. in p. aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілсін)
gtt.	gutta, guttae	тамшы, тамшылар
inf.	infusum	тұнба

in. amp.	in ampullis	ампулаларда
in. caps. gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
In tabl.	in tab (u)leettis	таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жақпа май
liq.	liquor	сұйықтық
M. pil.	vassa pilularum	пилюльдік салмақ
M.	Misce; Misceatur	Араластыр. Араластырылатын болсын. Араластырылсын
N.	numero	санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	пилюля
p. aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет, қанша керек
r., rad.	radix	тамыр
Rp.	Resire	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қ а й т а л а . Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	сала тамыр
S.	Signa. Signetur	Б е л г і л е . Белгіленетін болсын
sem.	semen	ұрық
simpl.	simplex	қарапайым
sir.	sirupus	шырын
sol.	solutio	ерітінді
supp.	suppositorium	балауыз
tabl.	tab(u)letta	таблетка
t-ra, tinct, tst.	tinctura	тұнба
ung.	unguentum	жақпа май
vit.	vitrum	шыны ыдыс
ppt., praec.	praecipitatus	тұнған
past.	pasta	паста

Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлар бар дәрілік

заттарды қоспағанда, дәрілік
заттарға рецепт жазып беру
және дәрігердің рецептісі
бойынша беру жөніндегі

Ережеге 5 қосымша

Дұрыс жазылып берілмеген
рецептілерді есепке алу журналы

р/с N	Күні	Денсаулық сақтау ұйымының атауы	Дәрі- гердің Т.А.Ә.	Рецеп- тінің маз- мұны	Қа - тесі	Қабыл- данған шара- лар	Дәріхана ұйымы маманы- н ы ң Т.А.Ә.